"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

11.07.2019-ғы № 03-18/2541 шығыс
хаты

«Қуат – құрылыс» ЖШС-не

Сіздің 20.06.2019 жылғы №47331 санды өтінішіңізге:

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің өтініштеріңізге сәйкес, «Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №3331669-1 «Түркістан. облысы Мақтаарал ауданы Ж. Нұрлыбаев ауылындағы «Сапар базар» базарының аумағында қоршау орнату (жалпы ұзындығы 800 м) жұмыстары» ашық конкурсына камералдық бақылау жүргізілді.

Камералдық бақылаумен төмендегілер анықталды.

ҚР ҚМ 11.12.2015 жылғы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі – Қағида) 85-1 тармағында, *тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі* делінген.

Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің 3-тармағында, әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көзделген жұмыстарды орындау үшін қажет растайтыны құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, материалдық ресурстардың бар екені туралы мәліметтерді көрсетеді делінген.

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алудың техникалық ерекшелігіне сәйкес әлеуетті өнім берушілерге *«Краны на гусеничному ходу до 16 т; краны на автомобилному ходу, 10 т; краны на гусеничному ходу, 40 т; краны на пневмоколесном ходу, 25 т; Автомобили-бортовые, 5т»* деп материалдық ресурстарының болуы талап етілген.

Алайда, әлеуетті өнім беруші «Қуат – құрылыс» ЖШС-і техникалық ерекшелікте көрсетілген техникалардың ешқайсысын конкустық өтінімінде ұсынбағаны анықталды.

Қағиданың 155 тармағында, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде

11.07.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады делінген.

Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің 2-тармағына сәйкес, растайтын құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындаған жұмыстардың көлемі делінген.

Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің ескертпесінің 5-тармағына сәйкес, егер конкурс нысанасы құрылыспен, жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда орындалған жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

Алайда, камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында конкурстық комиссия **Қағиданың 155 тармағының** талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші ЖК Жаимбетовтің жұмыс тәжірибесіне негізсіз 7,4% мөлшерінде шартты жеңілдік есептеген.

Себебі, әлеуетті өнім беруші «Қуат – құрылыс» ЖШС-і 2009, 2013 жылдардағы еңбек өтіліне 2% шартты жеңілдік есептелуі тиіс.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Заңның 47 бабы 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылатынын ескертеміз.

Департамент басшысының
орынбасары **А.Омаров**

✍: *Т.Алимтаев*
☎: *35-06-06*

11.07.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)